



**«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ  
Әдістеме - библиография бөлімі**



# **«Болашаққа үміт, жастарға сенім ұялатқан білім ордасы»**



**/Арқалық қаласындағы **Ү. Алтынсарин**  
атындағы педагогикалық институттың  
құрылғанына **50 жыл (1972)**/**

**Библиографиялық көрсеткіш**



«Арқалық қаласындағы облыстық № 2  
әмбебап ғылыми кітапхана» КММ  
Әдістеме – библиография бөлімі

## **«БОЛАШАҚҚА ҮМІТ, ЖАСТАРҒА СЕНІМ ҰЯЛАТҚАН БІЛІМ ОРДАСЫ»**

/Арқалық қаласындағы Ы. Алтынсарин  
Атындағы педагогикалық институттың  
құрылғанына 50 жыл (1972)/

**БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ**

Арқалық қаласы  
2022 жыл

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
А 79

Құраст., компьютер. терген: С. М. Көшкінбай  
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

**Құрастырушы:** С. М. Көшкінбай  
**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева  
**Мұқабаны безендірілген:** С. М. Көшкінбай  
**Редактор:** Ә. Қ. Ахметжанова

Болашаққа үміт, жастарға сенім ұялатқан білім ордасы [Мәтін] : (Арқалық қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының құрылғанына 50 жыл толуына арналған) : библиографиялық көрсеткіш / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі; [құраст.; С. М. Көшкінбай ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б], 2022. – 44 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі Арқалық қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының құрылғанына 50 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіш Арқалық қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институты жайлы мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58

© С. М. Көшкінбай

## Құрастырушыдан

Халыққа білім беру жүйесі қай кезде болмасын қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігіне байланысты. Елімізде жоғары оқу орындары педагог мамандарын дайындау ісін дамытуға кең жол ашылған. Қаламыздағы АрПИ бүгінгі күнде Торғай өңіріндегі жастардың болашағы үшін атқаратын рөлі зор болып тұр.

Қазақтың ғалым педагог-ағартушыларының ірі өкілдерінің бірі, қазақ даласында алғаш болып, білім қоңырауын соққан ағартушы-педагог, балалар әдебиетінің атасы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, тіл тазалығы үшін күрескен Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтына 50 жыл толуына арналған Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі **«Болашаққа үміт, жастарға сенім ұялатқан білім ордасы»** атты библиографиялық көрсеткішті оқырмандар назарына ұсынып отыр.

Библиографиялық көрсеткіш шығарудағы мақсат: Жоғары оқу орынның педагог мамандарын дайындау ісін дамыту, білім беретін оқу орынның тарихын насихаттау.

Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген.

Әдебиеттер тізімі хронологиялық ретпен орналастырылып, көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Библиографиялық көрсеткіш барша оқырман қауымға арналған.

## Торғайдың қасиетті қара шаңырағы



Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты 1972 жылы 12 сәуірде Қазақ ССР –нің № 220 бұйрығымен жоғары білімді мамандар дайындау мақсатымен ашылды.

Арқалық педагогикалық институты – жоғары оқу орын.

1972 ж. Арқалық қаласында ұйымдастырылған. Арқалық

педагогикалық институты 1972 жылы құрылды. 1977 жылы Ы. Алтынсарин есімі берілді.

Алғашқы ректоры М. Төлегенов болды. Институтта облыс мектептері үшін педагог кадрларын даярлайтын физика-математика, орыс тілі филологиясы, биология-химия және қазақ тілі филологиясы, орыс тілі мен әдебиеті, бейнелеу өнері, музыка, тарих және құқықтану, ағылшын-қазақ тілі, неміс-қазақ тілі, дене тәрбиесі факультеттері мен сырттай оқыту бөлімі жұмыс істейді. Күндізгі бөлімдерде жыл сайын 1600-ден астам студент орыс және қазақ тілдерінде 17 мамандық бойынша білім алады. Сырттай оқыту бөлімінде 9 мамандық бойынша жеті жүзге тарта жас маман әзірленеді.

Институттың 20 кафедрасы қазіргі заман талаптарына сай материалдық-техникалық құралдармен толық қамтамасыз етілген. Жалпы көлемі 19,44 мың шаршы метр екі оқу ғимараты, студенттерге арналған 4 жатақхана, 120 орындық бір асхана, 3 дәмхана, спорттық-денешынықтыру лагері, дәрігерлік орын, 2 спорт залы жұмыс істейді. Бұлардың сыртында 22 зертхана, 3 лингвистик. (лингвистик) кабинеті, 2 оқу шеберханасы, 5 методикалық кабинет ұйымдастырылған. Есептеу орт. 86 ЭЕМ мен жабдықталған, 5 компьютерлік оқу сыныбы ашылған. Институт кітапханасының кітап қоры 113500 данадан асады.

Студенттерге 210 білікті ұстаз дәріс береді, олардың 30-дан астамының ғылыми атақтары бар. Профессор оқытушылар құрамы 114, олардың ішінде 2 ғылым докторы, 3 профессор, 1 СНС, 14 ғылым кандидаттары мен доценттері бар. Институтта 2352 студент дәріс алуда. Республикадағы педагог мамандар даярлайтын екі жоғары орынның бірі. АрМПИ бүгінгі күнде Торғай өңірінде оқу, білім мәдени жастарды тәрбиелеп бағыттау орталығына айналып отыр. Аталмыш өңірдің Жарқын болашағы үшін АрМПИ-дің атқаратын рөлі зор болмақ. Торғай өңірі Қазақстан тарихында елеулі орын алады. Осы өңірде Институт құрылған жылдан бастап 32 жыл бойы 9 мың мамандар дайындалып шықты. Жыл сайын ауылдық жерлерге керекті жоғары білімді мамандармен толық қамтамасыз етуде. Түлектердің 85 проценті Арқалық қаласында жіне жақын орналасқан Аманкелді,

Жангелді, Наурызым, Ақмола облысындағы Жарқайын, Есіл, Жақсы райондарында қызмет жасауда. Институттағы ғылыми-зерттеу жұмыстар математика, химия, биология, этнография, экология және жергілікті өнертану тақырыптарындағы келесі мәселелері тексеруге бағытталған. Ы. Алтынсарин атындағы АрМПи-да химия саласы бойынша академик Қ. К. Күзембай «Торғай өңірінің минералдық шикізаттарын қоршаған ортаны тазарту үшін қолдану мүмкіндігін зерттеу» тақырыбында, академик Б. Х. Хасанова және доцент Қ. М. Әбішева басқарумен филология саласы бойынша «әлеуметтік жанұя тәрбиесі» тақырыбында, профессор Х. М. Әбжанова және доцент Қ. Ғ. Дәркенов «Қазақстан Республикасындағы интеллигенцияның қалыптасуы мен қоғамдық өміріндегі орны мен рөлі» тақырыптарында ғылыми зерттеу жұмыстар жүргізілді. АрМПИ Гёте институты және Сорос-Қазақстан фондысымен тығыз байланыста. Институттың профессорлық-оқытушылар құрамы әр-түрлі халықаралық ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып тұрады. Институттың негізгі ғылыми-зерттеу бағдарламасы жаңа әлеуметтік-экономикалық кезеңдегі білімді мұғалімдерді дайындауға арналған. 1976 жылдың қазан айының 20 жұлдызы Арқалық педагогикалық институты тарихының жарқын беттерінің бірі болып саналады. Ы. Алтынсарин туғанына 135 жыл толуына орай ашылған республикамыздағы тұңғыш ағартушысының ғылыми педагогикалық мұражайы болып қалыптасты. Институт жанынан 1976 жылы Ы. Алтынсарин мұражайы ұйымдастырылған (ашылған). Сондай-ақ бизнес мектебі жұмыс істейді. Студенттердің өз бетінше жұмыс жасаулары үшін институтта оқу залы, ғылыми-көркемөнерпаз абонементтері бар. Жылына кітапханаға 1654 экз. Жаңа кітаптар түсіп тұрады. Оқырмандар 120 газет, журналдарға жазылып алып тұрады. Институтта редакциялық-шығармашылық орталық және шағын типография бар. Бұнда ғылыми жұмыстар, методикалық әдебиет, Оқытушылардың тәжірибесін дамытуда қазақ, орыс және шет тілдерінде кітапшалар, қажетті құжаттар, абитуриенттерге керекті методикалық-хабарламалар басылып шығарылады. Институттың мәдени өмірі әр-түрлі. Творчестволық кештер, жергілікті ақындармен, жазушылармен, композиторлармен кездесулер болып тұрады. Студенттер қалааралық, облыстық және республикалық фистевальдерге, облыстық және региондық спорттық жарыстарға қатысып әр-түрлі сайыстардың жүлдегерлері, чемпиондары атанып жатыр. Институтта КВН командасы, саяси-дебат клубы облыс республикакөлемінде танымал. Сондай-ақ институтта республикалық «Жас қанат», «Музыкальный вояж» фестивальдерінің лауреаттары бар. Институтты әр жылдары Р. Башаров, А. Ахметов, Е. Ибраев, Қ. Күзембайұлы, Ә. Қағазбаев, Ж. Шаймарданов, қазіргі таңда С. Қуанышбаев басшылық қазмет етеді. Торғай өңірінің жүрегі саналатын – Арқалық қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық институты өңірдегі мұғалім мамандығын даярлайтын шеберхана. Қырық жылдан астам тарихы бар оқу орнының басты миссиясы – өңірдегі мектептерді жас мамандармен қамтып, оларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру.



## Торғай өңіріндегі жалғыз жоғары оқу орны қара шаңырақ тарихы

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1972 жылдың 12 сәуіріндегі № 220 қаулысына сәйкес Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты құрылды, 5 жылдан кейін Ыбырай Алтынсарин есімі берілді. Алғашқы болып Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика және



филология факультеті 1972 жылдың 12 сәуірінде ашылды. Институттың материалдық базасының, оқу-әдістемелік қорының, профессор-оқытушылар құрамының қалыптасуына және күшеюіне Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты, Ақмола және Қостанай педагогикалық институты, сонымен қатар Алматы шет тілдері институты баға жетпес көмек көрсетіп, үлкен үлес қосты. Алғашқылардың бірі болып К. Д. Ушинский атындағы Ярослав педагогикалық институты қамқорлыққа алып, ұзақ жылдар бойы қажетті көмек көрсетті. 1979 жылы графика және өнер факультеті, 1980 жылы биология және химия факультеті, 1989 жылы музыка-педагогикалық бөлім, 1992 жылы қазақ тілі және әдебиеті факультеті ашылды. Студенттер саны 200-ден 2500-ге дейін, ал профессор-оқытушылар құрамы 17-ден 210-ға дейін өсті. Олардың ішінде 40 оқытушының ғылыми дәрежесі және атағы болды. С. Рахметова, Ж. Әбдіғалиева, К. Ерғалиева, Ж. Абденова, А. Фациевич, Т. Қайралапова, В. Аксючиц, К. Саканова сынды оқытушылар мен қызметкерлер институт құрылған кезден бастап жемісті еңбек етті. Институттың негізін салушылардың бірі, тұңғыш ректор, техника ғылымдарының докторы Мырзағали Отарұлы Төлегеновтің үлесін ерекше атауға болады.

Қазіргі таңда Арқалық қаласында М. О. Төлегеновтің құрметіне өзі тұрған көшеге есімі берілді, физика және математика факультетінде М. О. Төлегенов



атындағы дәрісхана ашылды, сонымен қатар М. О. Төлегенов атындағы стипендия тағайындалды. Институт студенттері спорттық іс-шараларға, қалалық біріншілік үшін өткізілетін жарыстардан бастап, әлем чемпионатына қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Жеңістің, жүлделі орындардың басым бөлігі күрес және самбомен айналысушы спортшылардың еншісінде. Филология факультетінің студенті Жұлдыз Айтмағанбетова Әлем Кубогінің қола жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы атанса, самбодан және қазақша күрестен (ұлттық күрес) республика чемпионы Мұрат Кентонов, физика-математика факультетінің студенті Айдар Нұрғыметов «Универсиада-91» чемпионы. 1976 жылы қазақтың ұлы ағартушы-педагогы Ы. Алтынсариннің ғылыми-педагогикалық мұражайы ашылды. Осыған орай алғаш рет «Алтынсарин оқулары» салтанатты түрде өткізілді. Алматы, Ақтөбе, Қостанай облыстарынан, Торғай аймағынан ғалымдар, ақындар мен жазушылар шақырылды. Ұлы педагогтың шөбересі, Қазақстанның халық ақыны М. Хакімжанова және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі ақын Ғ.Қайырбеков қатысты.

## **Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты туралы әдебиеттер тізімі:**

1. Тоқтарбай, Е. Мен де АрқМПИ түлегімін... [Мәтін] : [очерк, эсселер, әдеби портрет, сұхбаттар] / Е. Тоқтарбай ; алғы сөз жазған: С. Б. Қуанышбаев. - Арқалық: Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, 2014. - 142 б.
2. Қазақстанның жаңа заман тарихы пәні бойынша тестілік тапсырмалар жинағы 5B011400 - "Тарих" мамандығы студенттері үшін [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / құраст.: М. С. Амрина, Р. Аймағамбетұлы, Г. Т. Каненова. - Арқалық: АрМПИ, 2013. - 72 б.
3. Багдатова, Сауле Ахметовна. Историко-культурологические взгляды Сакена Сейфуллина [Текст] : автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. ист. наук: по спец. 07.00.02 "Отечественная история" / С.А. Багдатова ; Аркалыкский ГПИ им. И. Алтынсарина. - Астана, 2010. - 25,[4] с.
4. Абдигалымова, Айгуль Серикбаевна. Институт крайней необходимости [Текст] : автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук / А.С. Абдигалымова. - Алматы, 2007. - 18 с.
5. Бөлтірікова, Ж. И. Өмірін өнерімен өрнектеген [Мәтін] : Б. Хамзиннің өмірі мен творчестволық жолы / Ж.И. Бөлтірікова ; Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. - Алматы, 2006. - 19 б.

## Мерзімді басылым беттеріне жариялаған әдебиеттер тізімі:

1. Елубаев, М. Жаңа оқулық – жарқын болашақ [Мәтін] : [жастарға жаңашыл бағытта білім беру] / М. Елубаев // ARQALYQ habary. – 2022. – 18 ақпан. – Б. 3.
2. Үмбетұлы, Әбілхан. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының еліміздің дамуына қосқан үлесі [Мәтін] : [білім ордасы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институты туралы] / Ә. Үмбетұлы // ARQALYQ habary. – 2022. – 23 ақпан. – Б. 3.
3. Қуанышбаев, Сейтбек. Институттың бүгінгі мен болашағы хақында [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институты туралы] / С. Қуанышбаев // ARQALYQ habary. – 2022. – 8 сәуір. – Б. 3.
4. Қуанышбаев, С.Еңселі ордаға 50 жыл [Мәтін] : [білім ордасы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институтына 50 жыл туралы] / С. Қуанышбаев // ARQALYQ habary. – 2022. – 15 сәуір. – Б. 6.
5. Жүнісұлы, Мұрат. Халықаралық конференция өтті [Мәтін] : [ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2021. – 12 ақпан. – Б. 2.
6. Амантайұлы, Дархан. Фазылхан Бәйімбетұлы атындағы дәрісхана ашылды [Мәтін] / Д. Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 19 наурыз. – Б. 3, 7.
7. Аймағамбетұлы, Р. Ел дамуының басты шешімі – білім мен ғылымда [Мәтін] / Р. Аймағамбетұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 2 сәуір. – Б. 3.
8. Темірбеков, Н. Студенттік жастардың тәрбиесіне қолдау көрсетілуде [Мәтін] / Н. Темірбеков // ARQALYQ habary. – 2021. – 9 сәуір. – Б. 4.
9. Аймағамбетұлы, Р. Ел астанасындағы Ыбырай жәдігерлері [Мәтін] : [ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин] / Р. Аймағамбетұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 30 сәуір. – Б. 4.
10. Ғалымжанова, Зәуре. Жүлдегерлер ортамызда [Мәтін] : [пәндік олимпиада] / З. Ғалымжанова // ARQALYQ habary. – 2021. – 30 сәуір. – Б. 4.
11. Шорманова, Қаламқас. Ұлы ағартушы мұражайының ғылыми-танымдық мәні [Мәтін] : [ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин мұражайы туралы] / Қ. Шорманова // ARQALYQ habary. – 2021. – 11 маусым. – Б. 6.
12. Аймағамбетұлы, Роман. Ыбырайдың ағартушылық тағылымы [Мәтін] / Р. Аймағамбетұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 21 мамыр. – Б. 4.
13. Жүнісұлы, Мұрат. Орталық іске қосылды [Мәтін] : Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында «Ақпараттық технологиялар орталығы» ашылды / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2021. – 7 қыркүйек. – Б. 5.
14. Аймағамбетұлы, Р. Мәнісі жоғары Жолдау [Мәтін] : [2021 жылғы Жолдау] / Р. Аймағамбетұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 10 қыркүйек. – Б. 4.

15. Қуанышбаев, Сейітбек. Жоғары білім жетілдірілуі тиіс [Мәтін] : [Жолдауды талқылау] / С. Қуанышбаев // Қостанай таңы. – 2021. – 6 қазан. – Б. 6.
16. Аймағамбетұлы, Р. Білім шамшырағын жаққан жан [Мәтін] : [ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин] / Р. Аймағамбетұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 29 қазан. – Б. 4.
17. Айтмағамбетұлы, Роман. Торғай мұражайлары сыр шертеді [Мәтін] / Р. Айтмағамбетұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 8 қараша. – Б. 6 ; 15 қараша. – Б. 6.
18. Волейболдан бақ сынады [Мәтін] : [студенттер арасындағы лига ойын] // ARQALYQ habary. – 2021. – 26 қараша. – Б. 3.
19. Қуанышбаев, С. Торғайдың қасиетті қара шаңырағы [Мәтін] : [білім ордасы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 50 жылдығына орай] / С. Қуанышбаев // ARQALYQ habary. – 2021. – 3 желтоқсан. – Б. 5, 7.
20. Тартысты ойын өтті [Мәтін] : [баскетболдан жарыс өтті] / бетті дайындаған Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 3 желтоқсан. – Б. 3.
21. Қалиев, Айбек. Педагогика және филология факультеті хақында [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты] / А. Қалиев // ARQALYQ habary. – 2021. – 17 желтоқсан. – Б. 6.
22. Жүнісұлы, Мұрат. «Тәу етер жалғыз киём – Тәуелсіздік» [Мәтін] : [іс-шара] / М. Жүнісұлы ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2021. – 25 желтоқсан. – Б. 2.
23. Қойшыманов, Қасқырбай. «Алтын кітапқа» аты жазылды [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин ат. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі Нұрдана Дәуренбекқызы Тұрысбек] / Қ. Қойшыманов ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2020. – 22 қыркүйек. – Б. 8
24. «Институт жанынан; шағын орталық пен балабақша, мектеп пен колледж ашуға мүмкіндік берілді» [Мәтін] : [институт ректоры Сейтбек Қуанышбаевпен сұхбат] / сұхбаттасқан Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2020. – 25 қыркүйек. – Б. 3.
25. Әуезова, Шынар. Жаңа Жолдау – игі істер бастамасы [Мәтін] : [Жолдау-2020] / Ш. Әуезова // ARQALYQ habary. – 2020. – 16 қазан. – Б. 4.
26. Бейсенбаев, С. Цифрлы Қазақстан білім беру саласы мәселелері [Мәтін] / С. Бейсенбаев // ARQALYQ habary. – 2020. – 4 желтоқсан. – Б. 6.
27. Оразбекова, Роза. Ғылымға барар жол – білімде [Мәтін] : [жоғары оқу орындарының оқу мәселесі туралы] / Р. Оразбекова // ARQALYQ habary. – 2020. – 25 желтоқсан. – Б. 4.
28. Қошанов, Нұрсұлтан. Денсаулық – зор байлық [Мәтін] : [студенттер арасындағы спартакиада] / Н. Қошанов // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 4 қазан. – Б. 6.
29. Жамитова, А. Бүгінгі жастардың денсаулығы [Мәтін] : [тәрбие сағаты] / А. Жамитова // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 15 қараша. – Б. 6.

30. Ермағанбетов, Дархан. Институтта "Рухани жаңғыру" кеңсесі ашылды [Мәтін] / Д. Ермағанбетов // Арқалық хабары. – 2018. – 23 қараша. – Б. 3.
31. Сейтбекова, А. Торғай төріндегі білім ордасы [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институт туралы] / А. Сейтбекова // Торғай. – 2017. – 21 сәуір. – Б. 3.
32. Қуанышбаев, Сейітбек. Ыбырай ұлағаттары - болашақ жолы [Мәтін] : [институт жетістіктері жайында] / С. Қуанышбаев // Торғай. – 2016. – 14 қазан. – Б. 3.
33. Қошанов, Әсем. Дала өлкетану мұражайына саяхат [Мәтін] / Ә. Қошанов // Торғай. – 2016. – 18 қараша. – Б. 7.
34. Ерденова, Гүлдана. Қош бол, АрқМПИ! [Мәтін] / Г. Ерденова // Арқалық хабары. – 2016. – 30 желтоқсан. – Б. 3.
35. Қуат Баймырзаев: Педагогтік тәрбиенің ең құндысы - адамгершілік [Мәтін] : [ғалыммен сұхбат] / әңгімелескен Нұрболат Мешітбаев ; суреттерді түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2015. – 16 қаңтар. – Б. 5.
36. Жүнісұлы, Мұрат. Институт ректоры академик атанды [Мәтін] : профессор, академик С. Б. Қуанышбаев туралы / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 27 қаңтар. – Б. 2.
37. Жүнісұлы, Мұрат. "ЖОО үздік оқытушысы-2014" [Мәтін] : [арқалықтық Базар Анасқызы Рахметова] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 3 ақпан. – Б. 3.
38. Қуанышбаев, Сейітбек. Қала және институт [Мәтін] : [пед. институт туралы] / С. Қуанышбаев // Торғай. – 2015. – 23 қазан. – Б. 3.
39. Жаңбыр, Айдана. Ұстаз - ұлы тұлға [Мәтін] : [ұстаз Абдрахманова Ырысалды туралы] / А. Жаңбыр // Арқалық хабары. – 2015. – 27 қараша. – Б. 4.
40. Құдайберген, Баян. Тағылымды дәріс [Мәтін] : [институтта Ыбырай тағылымы атты дәріс сабағы] / Б. Құдайберген // Арқалық хабары. – 2015. – 18 желтоқсан. – Б. 3.
41. Егенбай, Гүлнар. Ұрпақ тәрбиесі - ұстазға байланысты [Мәтін] : [жоғары оқу орындарының ұстаздары туралы : суреті бар] / Г. Егенбай // Торғай. – 2014. – 7 наурыз. – Б. 3.
42. Абдрахманова, Мейрамкүл. Математика және физика кафедрасының тынысы [Мәтін] : [мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану ақпараттандыру факультетінде өтілген әдістемелік апталық туралы] / М. Абдрахманова // Арқалық хабары. – 2012. – 27 қаңтар. – Б. 3.
43. Аймағамбетұлы, Роман. Тарих - адамзат өркениетінің жарқын көрінісі [Мәтін] : Білім ордасы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына - 40 жыл / Р. Аймағамбетұлы // Торғай. – 2012. – 18 мамыр. – Б. 2.
44. Байділдин, Шөптібай. Институт кірпіші боп қаланған [Мәтін] : [ардагер ұстаз Гүлжамал Садыққызы туралы] / Ш. Байділдин // Торғай. – 2010. – 5 ақпан. – Б. 6.

45. Ұлы ағартушы атындағы білім ордасы [Мәтін] : [Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының тарихы туралы] // Арқалық хабары. – 2010. – 21 мамыр. – Б. 6.
46. Абдуллина, Ардақ. Әдістемелік семинардың бергені көп [Мәтін] : [АРМПИ - дің қытушылар арасында өткен кеңес туралы] / А. Абдуллина // Арқалық хабары. – 2009. – 24 сәуір. – Б. 3.
47. Байділдин, Шөптібай. Ұлы ағартушы атындағы мұражай [Мәтін] : [АрМПИ -дегі Ы. Алтынсарин атындағы мұражай туралы] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. – 2009. – 13 ақпан. – Б. 4.
48. Шаймарданов, Ж.Ыбырай салған сара жол [Мәтін] : [ұлт ұстазы Ы. Алтынсарин туралы] / Ж. Шаймарданов // Арқалық хабары. – 2009. – 23 қазан (№ 43). – Б. 9.
49. Манаспаев, М. Ыбырай салған ізбенен [Мәтін] : [ Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педогогикалық институты туралы] / М. Манаспаев // Ел. – 2009. – 1 желтоқсан(№ 47). – Б. 5.
50. Қалымжанова, Роза. АрқМПИ - мектептер назарына [Мәтін] : [АрқМПИ - дағы кітапхана жұмысы туралы ] / Р. Қалымжанова // Торғай. – 2008. – 8 ақпан. – Б. 4.
51. Жұмабаев, Тілеубай. Мақсат - сапалы білім беріп, білікті маман даярлау [Мәтін] : [жаңа несиелік жүйе арқылы оқыту туралы / Т. Жұмабаев // Торғай. – 2008. – 4 сәуір. – Б. 4.
52. Аманжол, Қорғанбек. Ұлт рухының ұлы тұтқасы [Мәтін] : [қыздар педагогикалық институтының ректоры Шәмша Беркімбаевамен сұхбат] / Қ. Аманжол // Егемен Қазақстан. – 2008. – 7 мамыр. – Б. 5.
53. Жүнісұлы, Жақсылық. "Оқуды ел тарихымен үндестіреміз" [Мәтін] : [АРМПИ -дың ректоры Жасұлан Шаймарданов туралы] / Ж. Жүнісұлы ; Жақсылық Жүнісұлы ; суретте Ж. Шаймарданов // Қостанай таңы. – 2008. – 28 мамыр. – Б. 3
54. Айткенов, З. Торғай өңіріндегі бірден бір жоғары оқу орны [Мәтін] : [қаламыздағы жоғары оқу орны] / З. Айткенов ; З. Айткенова // Арқалық хабары. – 2008. – 27 маусым. – Б. 3.
55. Айтмағамбетұлы, Р. Тарих - адамзат тәжірибесінің ұлы мектебі [Мәтін] : [қаламыздағы жоғары оқу орны туралы] / Р. Айтмағамбетұлы, Д. Сейдалықызы // Торғай. – 2008. – 11 шілде. – Б. 4.
56. Демесінова, С. Тағылымы мол әдеби кеш [Мәтін] : [оқу орында өткен "Тұғырлы үш - тіл" атты кеш туралы] / С. Демесінова ; Сымбат Демесінова // Арқалық таңы. – 2008. – 7 қараша. – Б. 3.
57. Төлеуханқызы, Анар. Өңір өркендігінің өрісі [Мәтін] : [аудандар, қаламыз туралы] / А. Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 6 желтоқсан. – Б. 6.
58. Ғалымбекұлы, Ғанибет. Институт газеті - "Шамшырақ" [Мәтін] : [АрқМПИ - дің "Шамшырақ" студент жастар газетіне бір жыл толды] / Ғ. Ғалымбекұлы // Қостанай таңы. – 2007. – 13 наурыз. – Б. 3.
59. Білімдері бағаланып [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институттың студенттері Казкоммерцбанктың



- тағайындаған стипендиясының иелері туралы] // Арқалық хабары. – 2007. – 30 қараша. – Б. 1.
60. Қағазбаева, Әспет. Институт замана ағымында [Мәтін] : [Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты туралы] / Ә. Қағазбаева // Шамшырақ - (Арқалық қаласының студент жастар газеті). – 2006. – қаңтар. – Б. 1.
61. Жұмабаева, Ғалия. Өнерімен өрге озған " Шұғыла " [Мәтін] : [АРМПИ - дегі " Шұғыла" вокалдық тобы] / Ғ. Жұмабаева // Шамшырақ - (Арқалық қаласының студент жастар газеті). – 2006. – 8 қаңтар. – Б. 4.
62. Түрікпенова, С. Форумнан туындаған ойлар [Мәтін] : [ жас ғалымдар форумына қатысушы институт оқытушысы С. Түрікпенова, студент М. Қалдыбаева туралы] / С. Түрікпенова // Шамшырақ - (Арқалық қаласының студент жастар газеті). – 2006. – 4 қаңтар. – Б. 3.
63. Ғалымбекұлы, Ғанибет. " Шұғылаға " шығармашылық шабыт тілейміз [Мәтін] : [АРМПИ -дегі " Шұғыла" вокалдық тобы] / Ғ. Ғалымбекұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 3 ақпан. – Б. 4.
64. Жұмабаева, Ғалия. Қайырымдылық концерті [Мәтін] : [АрМПИ-дің "Шұғыла " вокальды тобының қайырымдылық концерті] / Ғ. Жұмабаева // Шамшырақ - ( Арқалық қаласының студент жастар газеті ). – 2006. – 18 наурыз. – Б. 4.
65. Уәлиханов, Шаридияр. Филология факультеті [Мәтін] : [АРМПИ -дің филология факултеті туралы] / Ш. Уәлиханов // Шамшырақ - (Арқалық қаласының студент жастар газеті). – 2006. – 26 наурыз. – Б. 3.
66. Қағазбаева, Әспет. Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым- Мырзағали Отарұлы Төлегенов [Мәтін] : [АРМПИ -дің алғашқы ректоры М. Төлегенов ] / Ә. Қағазбаева // Шамшырақ - (Арқалық қаласының студент жастар газеті ). – 2006. – 5 сәуір. – Б. 4.
67. Айтмағанбетов, А. Аймақтың алтын қазығы [Мәтін] : [Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты жайлы] / А. Айтмағанбетов ; Арыстан Айтмағанбетов // Арқалық хабары. – 2005. – 20 мамыр. – Б. 3.
68. Жүнісұлы, Жақсылық. "Өгіз аяңмен көшке ілесе алмайсың" [Мәтін] : [АрқМПИ - дің ректоры Әспет Қағазбаевамен сұхбат] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 21 маусым. – Б. 3.

**Қазақстан КП Орталық Комитеті және  
Қазақ ССР Министрлер Кеңесі**

**Алматы, Үкімет Үйі  
1972 жылдың 12 сәуіріндегі №220**

# **Қ А У Л Ы**

**Арқалық қаласында педагогикалық институт  
ұйымдастыру туралы**

**Қазақстан КП Орталық Комитеті және ҚазССР  
Министрлер Кеңесі**

**қаулы етеді:**

**1. Қазақстан КП Торғай обкомының, облаткомының және Қазақ ССР Жоғары және арнайы орта білім Министрлігінің 1972 жылдың мамыр айынан бастап Арқалық қаласында 300 адам жоспарымен, оның ішінде 100 адам өндірістен қол үзбей және 200 адам өндірістен қол үзіп оқитын педагогикалық институтты ұйымдастыру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.**

**Жаңадан ұйымдастырылған педагогикалық институтта сабақтың басталуы 1972 жылдың 1 қыркүйегінен белгіленсін.**

**Қазақстан  
Орталық Комитетінің  
хатшысы**

**Д. Қонаев**

**Қазақ ССР  
Министрлер Кеңесінің  
төрағасы**

**Б. Әшімов**

## **Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ ТАРИХЫНЫҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ**

- 1972 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің № 220 қаулысына сәйкес Торғай облысының орталығы Арқалық қаласында Арқалық педагогикалық институт құрылды.
- 1972 жылы институтта тұңғыш физика-математика факультеті ұйымдастырылды.
- 1972 жылы факультетте жоғарғы математика, алгебра және геометрия, информатика және математиканы оқыту әдістемесі, жалпы физика, теориялық физика кафедралары құрылды.
- 1972 жылы «Марксизм - ленизм» кафедрасы құрылды.
- 1973 жылы филология және сырттай оқыту факультеті ашылды.
- 1975 жылы Орыс тілі, орыс және шетел әдебиеті кафедрасы құрылды.




(1972-1975)

- 1976 жылы Қазақстандағы білім-ғылым бағытындағы алғашқы Ы. Алтынсариннің ғылыми-педагогикалық мұражайы ашылды.



(1976- 1977 жж)

- 1976 жылы «Ы. Алтынсарин мұражайының» ашылу салтанатына ақын, жазушы, Ы. Алтынсариннің ұрпағы М.Хәкімжанова қатысты.
- 1976 жылдан елімізде танымал, жыл сайын өтетін дәстүрлі «Ыбырай оқулары» бастау алды.
- 1977 жылы х.ғ.д., профессор, Қазақ ССР ҒА-ның корреспондент мүшесі, Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Б. А. Бірімжанов институтта болып, бірнеше еңбектерін мұражай қорына табыстады.
- 1977 жылдың 7 шілдесіндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және Қазақстан Министрлер Кеңесінің №325 қаулысына сәйкес институтқа ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин есімі берілді.
- 1978 жылы «Дене тәрбиесі» кафедрасы құрылды.
- 1978 жылы композитор Әсет Бейсеуов, ақын Олжас Сүлейменов институт қонақтары болды.



(1976-1978)

- 1982 жылы «Химия және биология» кафедрасы құрылды.
- 1983 жылы «Көркем сурет» факультеті,
- 1989 жылы музыкалық-педагогикалық бөлім ашылды.
- 1989 жылы Халыққа білім беру министрі Ш. Шаяхметов институтта болып, мұражай ұжымына алғысын білдірді.
- 1992 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультеті құрылды.
- 1994 жылы «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы ашылды.





(1981-1994 жж)

- 2002 жылы институттың 30 жылдық мерейтойы аталып өтті.
- 2005 жылы ҚР Мәжіліс депутаты К. Ә. Сағадиев институтта болды.
- 2005 жылы ҚР Премьер-министрі Д. К. Ахметов ЖОО-ның материалдық базасымен танысты.
- 2005 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы О. Мұхамеджанов институт ұжымымен кездесті.
- 2005-2006 оқу жылы институттың алғашқы ректоры, т.ғ.д., профессор М. О. Төлегенов атындағы дәрісхана ашылды.
- 2007 жылы - «Тарих және өнер» факультеті құрылды.
- 2010 жылы «Жаратылыстану табиғи-тарихи» мұражайы ашылды.
- 2012 жылы институттың 40 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өтті.
- 2013 жылы ҚР-ның Білім және ғылым министрі С. Б. Саринжипов институтта болып, институт тынысымен танысты.



(2010 -2013 жж)

- 2016 жылы Әулие Кирилл және Мефодий университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Ян Данек институтта болып, студенттерге дәріс оқыды.

- 2017 жылы Словакия елінен келген PhD докторы Ева Сметанова институт қонағы болып, дәріс оқыды.
- 2017 жылы «Бабалар жолымен» атты автомобиль экспедициясының жетекшісі, жиһанкез С. Искаков институт қонағы болды.
- 2018 жылы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі өз жұмысын бастады.



(2013 – 2018 жж)

- 2019 жылы «Робототехника» аудиториялық кешені ашылды.
- 2021 жылы Физика және математика кафедрасында Фазылхан Бәйімбетұлына арналған дәрісхана ашылды.
- 2021 жылы Ақпараттық-технологиялар орталығы ашылды.



## Торғайдың төріндегі білім ордасы

Педагогикалық институттың құрылу тарихы біздің қаламыздың тарихымен тығыз байланысты. 1956 жылдан 1970 жылға дейін шағын аудан болып келген Арқалық қаласы облыс көлеміндегі қала деңгейіне көтерілді. 1970 жылдың 23 қарашасында Торғай облысы құрылып, оның орталығы Арқалық қаласы болды. Облыс көлеміндегі жалпы орта білім беретін мектептерді мұғалім кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында КазССР Министрлер Кеңесінің 1972 жылы 12 сәуіріндегі № 220 қаулысы бойынша Арқалық қаласында педагогикалық институт құрылды. 1972 жылдың 7маусымында Қазақ ССР білім беру Министрі К. Аймановпен 1972-1973 оқу жылына 19 адамға институттық штаттық кестесі бекітілді.

Қазақстан КП бюросы Торғай облыстық комитетінің 1972 жылдың 15 қазанындағы қаулысымен Арқалық педагогикалық институтына Ыбырай Алтынсариннің есімі берілді. 1972 жылдың желтоқсан айында институттың жарғысы бекітілді. 1972 жылда физика-математикалық факультетті, марксизм-ленинизм кафедрасы, орыс тілі мен әдебиет, физика және математика, педагогика және психология факультеттері құрылса, 1983 жылы қаңтар айында көркем-графика факультеті, 1985 жылы биология-химия факультеті ашылды. Арқалық педагогикалық институтының мұрағат қорында Қазақ ССР ағарту Министрі бұйрықтарынан кафедралардың, факультеттердің ашылу тарихы, кафедра меңгерушілері, студенттердің атауы степендияларға тағайындаулары туралы мәліметтер мұрағатта сақталуда.



## **Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының ректорлары:**

1. Мырзағали Отарұлы Төлегенов (1972-1979, 1989-1991ж.)
2. Рахметолла Башарұлы Башаров (1979-1985ж.ж.)
3. Еңбек Ибрайұлы Ибраев (1985-1988ж.ж.)
4. Қосылған Күзембайұлы Күзембаев (1991-2004 ж.ж.)
5. Әспет Кеңесбекқызы Қағазбаева (2004-2007 ж.ж.)
6. Жасұлан Құдайбергеноұлы Шаймерденов (2007-2011ж.ж.)
7. Сейітбек Бекенұлы Қуанышбаев (2012 жылдан бастап)

## **ИНСТИТУТ МИССИЯСЫ**

### **Миссия**

Жоғары кәсіби және тұлғалық жетістіктерге жетуге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлау

### **Пайымдауы**

Педагогикалық кадрларды дайындайтын өңірлік инновациялық ғылыми-білім беру орталығы

### **Стратегиялық мақсат**

Инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттайтын кәсіби мамандарды дайындау.

### **Құндылықтар**

- Қазақстандық патриотизм
- Парасаттылық
- Ашықтық
- Академиялық еркіндік
- Кәсіпқойлық
- Жаһандық азаматтық.

### **Түлектің бет-бейнесі**

- Оқылатын ғылымның пәндік саласын терең түсінеді
- Кәсіби қызмет дағдыларын меңгерген
- Әлеуметтік ақылға ие
- Сыртқы жағдайларға бейімделген
- Көшбасшылық қасиеттерге ие

## **Түлектер Қауымдастығы туралы**

Құрметті Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының түлектері!

Біздің институт өзінің 40 жылдан астам тарихында отандық ғылым, білім беру мен өнер дамуына зор үлес қосып жүрген 14 мыңнан астам маман даярлап шығарды. 2012 жылы Арқалық педагогикалық институты өзінің 40 жылдығын атап өтті. Осы уақыт ішінде институт даярлап шығарған мыңдаған маман - бүгінгі белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, білім беру ұйымдарының басшылары, атақты ұстаздар, спорт майталмандары, бизнесмендер.

2010 жылы АрқПИ «Университеттер Ұлы Хартиясы» (Magna Charta Universitatum) халықаралық ұйымына кіріп, осы бастамамен жоғары оқу орнымыз Болон үдерісінің қағидаттарын қолдануға дайындығын байқатты. Биыл Арқалық педагогикалық институты Қазақстанның негізгі рейтингінде педагогикалық жоғары оқу орындарының арасында жетінші орынға ие болып, 2014 жылы институционалдық аккредитациядан өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бекіткен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы еліміздегі білім беруді ойдағыдай жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады. Мемлекет басшысы Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру жөнінде биік мақсат қойды. Бұл – маңызды мәселе әрі ең алдымен мұғалімдерге қатысты болмақ. Педагог – білім берудегі басты тұлға. Шәкірттеріне өмірдің қыр-сырын танытып, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге баулыған дарынды мұғалімдердің еңбегі өлшеусіз. Осы алапат күштің басты тірегі – Мұғалім. Бүгін ұстаздың кәсібі мен мәртебесін көтеру – басты міндет. Бұл жұмыс үш бағытта жүзеге асырылуда: мұғалімдерге лайықты еңбекақы төлеу, педагогтердің біліктілігін арттыру, педагогтердің қоғамдағы беделін көтеру.

Қазіргі таңда АрқПИ-дің басты миссиясы - аймақтың білім беруі мен мәдени-әлеуметтігі дамуы үшін құзіретті, көптілді, білім берудің заманауи моделін жүзеге асыру механизмдары мен аспаптарын меңгерген, айқын азаматтық ұстанымы бар педагог мамандарды даярлау.

АрқПИ түлектері қауымдастығы институтымыздың дамуына зор ықпал етеді деп үміттенеміз. АрқПИ-дің әрбір түлегі өмір бойы Ұстаз атағын жоғары көтеріп, өзінің жоғары оқу орнының абыройын арттырады деген сенімдеміз.

**С. Б. Қуанышбаев,**  
**АрқПИ ректоры, география ғылымдарының докторы**

## **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

**Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты оқуға  
төмендегі білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді  
қабылдайды**

**№12019120 мемлекеттік лицензия**

№	Білім беру бағдарламасының атауы
1	6B01101 Педагогика және психология
2	6B01102 Қосымша білім берудегі педагог және кеңесші
3	6B01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
4	6B01202 Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог
5	6B01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
6	6B01401 Музыкалық білім
7	6B01402 Бейнелеу өнері және сызу
8	6B01405 Көркем еңбек, графика және жобалау
9	6B01403 Дене шынықтыру және спорт
10	6B01404 Құқық және экономика негіздері
11	6B01501 Математика
12	6B01507 Математика және физика
13	6B01508 Математика және информатика
14	6B01502 Физика
15	6B01509 Физика және информатика
16	6B01503 Информатика
17	6B01513 Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника
18	6B01504 Химия
19	6B01510 Химия және биология
20	6B01505 Биология
21	6B01512 Биология және география
22	6B01506 География
23	6B01511 География және тарих
24	6B01601 Тарих
25	6B01701 Қазақ тілі мен әдебиеті
26	6B01704 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
27	6B01702 Орыс тілі мен әдебиеті
28	6B01705 Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
29	6B01703 Шетел тілі: екі шетел тілі
30	6B01706 Ағылшын тілі

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАЖАЙЫ**

1974-1975 оқу жылының басында сол кездегі «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. доцент Ә.И.Ламашев мырзаға Ыбырай мұраларын және Торғай облысы оқу-ағарту тарихына байланысты мұрағат құжаттарын жинастыру тапсырылды. Сол жылдардан бастап кафедра мүшелері Қайрат Ерғалиев, Фарида Шалдыбаева, Әсет Ламашев және басқалар Санкт-Петербург, Қазан, Чебоксары, Орынбор және Алматы қалаларынан Ы. Алтынсаринге байланысты құжаттар мен фотосуреттер көшірмелерін жинастырды.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы. Алтынсарин атын иеленген ЖОО бабамызды ұлықтау мен таныту жолында іргелі іс-шаралардың бастамашысы болды.

1976 жылдың қазан айының 20 жұлдызы Арқалық педагогика институты тарихының жарқын беттерінің бірі болып есептелді. Бұл күні Ыбырай Алтынсариннің 135 жылдығына арналған республикадағы тұңғыш Ы. Алтынсариннің ғылыми педагогикалық мұражайы қоғамдық негізінде салтанатты түрде ашылды. Маңызды оқиғаға байланысты институттың базасында ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияға Ы. Алтынсариннің ұрпағы, белгілі ақын Мәриям Хакімжанова, оның жерлестері С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков және Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының директоры Рабиға Есенжолова мен ағартушы еңбек ардагерлері, облыс, аудан басшылары қатысты.

Ы. Алтынсарин мұраларын жинап, Торғай даласындағы оқу-ағарту ісінің тарихын зерттеу жұмыстары 1974 жылдан бастап қолға алынды. Осы бір ізгі бастамаға жетекшілік жасағандар сол кездегі институт ректоры, профессор М. О. Төлегенов, «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі Ә. Ламашев және мұражайдың алғашқы ғылыми қызметкері Ф. Ғ. Шалдыбаевалар болды.

1977 жылдың 7 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №325 қаулысы бойынша институтқа Ыбырай Алтынсарин есімі берілді.

Тарих ағымы мұражай атауы мен деңгейін бірнеше рет өзгертті. 1976 жылы «Ғылыми-педагогикалық», 1981 жылдан «Мемориалды педагогикалық», 2007 жылдан «Білім беру тарихы» мұражайы деп өзгертілсе, 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Ы.Алтынсарин мұражайы» деп атала бастады.

1990 жылдардың басында мұражай директоры қызметін Сейдаков Шаймерден атқарды.

1995 жылы институттың жаңа ғимаратқа ауысуына байланысты мұражай Бас ғимараттың 5 қабатына орналасты.

2008 жылы институт ректоры Ж.Қ.Шаймардановтың ұсынысымен «Білім беру тарихы» мұражайы Бас ғимараттың екінші қабатынан орын алды.

Ы. Алтынсарин мұражайының жаңаша деңгейде ашылуына, институттың ішкі безендірілуіне зор үлесін қосқан оқытушы Роза Халықова болатын.



2014 жылы мұражай директорлығына аға оқытушы, институт доценті П. Ә. Ахметова тағайындалды.

2018 жылдың 28 наурыздағы Ғылыми кеңес мәжілісінің қаулысы негізінде институт ректорының міндетін атқарушы Н. М. Темирбековтың бұйрығы бойынша «Ы. Алтынсарин мұражайы» «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі болып өзгертілді. Институтта «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Г. Т. Каненоваға жүктелді.

Осы уақыттан бастап мұражайда экскурсовод қызметін Қ. К. Шорманова атқарып келеді.

Ы. Алтынсарин мұраларын зерттеу барысында ұлы ағартушының өмірі мен шығармашылық жолын баяндайтын ресми құжаттар, құнды материалдар, жинақталған жәдігерлер үлкен бір мұражай үйіне айналды.

Алғашында мұражай бес залдан тұрған. Бұл мұражай залдарының әрқайсысының өзіне тән мазмұн ерекшеліктері және атаулары болған. Бүгінде Ыбырай Алтынсарин мұражайында көптеген бағалы экспонаттар бар. Олардың арасында, «Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы», «Атажұрты», «Нағашы жұрты», «Отбасы», «Таза бұлақ бастауы», «Ыбырайға дейінгі білім ошақтары», «Тұңғыш қоңырау үні», «Қолөнер мектебі», «Ы.Алтынсариннің достары, ізбасарлары», «Ыбырайтанушылар» т.б. экспозициялық бұрыштар ұлы баба құндылықтарынан сыр шертеді.

Мұражайдағы жәдігерлер ішінде Ыбырайдың немересі Нағима Ыбыраева апайдың мұражайға әкеліп тапсырған ағаш тостақаны, киіз үйдің сәндігі үшін тағатын шашақ баулары, баласы Әбдірахманның (Абдолла) етік тігетін құрал-жабдықтары, ұрпағы, ақын М. Хәкімжанованың өзінің киген хамзолы мен үкілі тақиясы, шапаны, сөмкесі, Ы. Алтынсариннің нағашы жұрты Б. А. Бірімжановтың киген костюм-шалбары, шерткен домбырасы, кітаптары сақталған.

Ы. Алтынсариннің 1864 жылы 8 қаңтарда Торғайда ашқан тұңғыш қазақ мектебінің саман кірпіші, әр өңірде ашылған мектептерде пайдаланылған қоңыраулар, ыбырайтанушылар мен ізбасарларының еңбектері, орыс, украин достарының кітаптары, олармен алмасқан естелік хаттары, құжаттар, суреттер мұражайдың төрінен орын алды.

Сонымен бірге Ыбырай шығармаларының «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» оқулықтарының көшірмесі мен араб графикасымен басылған түп нұсқасы бар.





**Мұражайдың ашылу салтанаты. Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы Ә. Дүйсенов және ақын М. Хәкімжанова. 20 қазан, 1976 ж.**



**Мұражайды ұйымдастырушылар Ә. Ламашев, М. Андасов, М.Төлегенов, Ф. Төлегенова, Ө. Оразалиев**



**Ы. Алтынсарин атындағы институт мұражайын ашуға арналған салтанатты мәжіліс. Институт ректоры М. Төлегенов және Ыбырай шөбересі, ақын М. Хәкімжанова. 20 қазан, 1976 ж.**



**Ғалым-әдіскер, мұражай директоры Ә. Ламашев институт мұражайын ашу салтанатында баяндама жасап тұр. 20 қазан, 1976 ж.**



**Ы. Алтынсарин ғылыми институтының директоры Р. Есенжолова мұражайға Ыбырай портретін тапсыруда. 1976 ж.**



Ақындар Ғ. Қайырбеков және С. Мәуленов  
мұражай қонақтары



Ақын Ф. Оңғарсынова және Кеңес  
Одағының батыры, жазушы Қ. Қайсенов  
институт қонақтары



Ы. Алтынсарин атындағы институт мұражайында  
ақын Ғ. Қайырбеков.



Мұражайдың ашылу салтанатына  
келген қонақтар



Мұражайдың көрме залында  
Ғалым-әдіскер Р. Д. Есенжолова, ғылыми қызмет-  
кері Ф. Төлегенова, директоры Ә. Ламашев.



## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАЖАЙЫНЫҢ ІШКІ КЕЛБЕТІ



## **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ТАБИҒИ-ТАРИХИ МҰРАЖАЙЫ**

Бұл 2009-2010 оқу жылында институт ректоры Ж.Қ.Шаймардановтың тікелей атсалысуымен іргесі қаланған мұражай кешені болып табылады.

Табиғи-тарихи мұражайына арналған гид кез келген келушінің мұражай экспозициясымен, жануарлар әлемінің алуан түрлілігімен танысуға, көптеген минералдар мен тау жыныстарының құндылығы туралы білуге, сондай-ақ табиғаттың органикалық әлемінің даму тарихын қадағалауға көмектеседі.

Әр түрлі фаунаны және 200 түрдегі көбелектердің, қоңыздар мен моллюскалардың коллекцияларын көруге, минералдар мен тау жыныстарының 200-ден астам үлгілерінің құндылығы туралы білуге, органикалық әлемнің тарихын бақылауға болады.

Мұражай бірнеше бөлімдерден тұрады.

### **МҰРАЖАЙДЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМІ.**

Мұражайдың геологиялық коллекциясында минералдар мен тау жыныстарының 200-ден астам үлгілері бар. Экспозиция геологиялық классификацияға сәйкес пайдалы қазбалар мен тау қалаларының жылтыратылған және жылтыратылған үлгілерін ұсынады. Тау жыныстарының жинағы метаморфтық, магмалық және шөгінді жыныстардың алуан түрлілігін сақтайды. Магмалық жыныстардың ішінде обсидианның (жанартау шыны) сорттары ерекше қызығушылық тудырады – кара, қоңыр, жолақты күміс, сонымен қатар лабрадорит, лисвинит.

### **МҰРАЖАЙДЫҢ ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ СЕКЦИЯСЫ.**

Мұражайдың палеонтологиялық бөлімі жер бетіндегі тіршіліктің қалыптасу кезеңдерімен таныстырады. Мұнда жойылған организмдер, өсімдік іздері және қазбалар хронологиялық тәртіпте берілген. Палеозой дәуірі тіршіліктің басталу дәуірі болып саналады. Бұл Жердің органикалық әлемінің қарқынды даму уақыты. Алғашқы тіршілік иелерінің бірі – теңіздердің түбінде, жағалық таяз жерлерде мекендеген су омыртқасыздары. Экспозиция жасы 500 миллион жылдан астам Девон дәуірінің қазба қалдықтарын анық көрсетеді.

## **МҰРАЖАЙДЫҢ ЗООЛОГИЯЛЫҚ СЕКЦИЯСЫ.**

Мұражайдың зоологиялық бөлімі фаунаның алуан түрін ұсынады. Аймаққа тән ландшафттық белдеулер берілген: дала, су қоймасы, қарағайлы орман. Даланың фаунасы алуан түрлі, экспозицияда түлкі, борсық, қарсақ, суыр, сонымен қатар қарақұс, кекілік, бөдене, күрен, түйеқұйрық, күрек бар.

Байбақ немесе дала суыры, жиынтығы жүзден асатын шөптесін өсімдіктермен қоректенеді. Жер астылары әдетте су ішпейді. Өсімдік қорегі шегірткелерді, моллюскаларды, құрттарды, құмырсқа қуыршақтарын қосады; олар әдетте шөппен бірге жейді. Көктем-жаз мезгілінде құнарлылығы жоғары тағамға 800 - 1200 г май жиналады.

## **СУ ҚОЙМАСЫНДА МЕКЕН ЕТЕТІН ЖАНУАРЛАР МЕН ҚҰСТАР.**

Су қоймаларының фаунасы бай және алуан түрлі. Экспозицияда көлдер мен өзен арналарын мекендейтін құстардың алуан түрі: ақбас қаз, қарақұйрық, қара үйрек, құмырсқа, шағала, қаршыға, қысқа құлақты үкі қойылған.

Тұщы су көлдері су маңындағы өсімдіктерге, балдырларға, омыртқасыздарға және басқа да тіршілік иелеріне бай, олармен қоректенетін түрлі құстарды тартады. Мұндай су қоймалары олар үшін балапандардың ұя салатын және жұмыртқалайтын орны болып табылады. Мұнда сондай-ақ орташа үйрек, қара қырлы және көк үйрек, қызыл үйрек кездеседі. Бұл қара тез ұшады, бірақ судан қиғаш сызық бойымен қатты көтеріледі. Жақсы жүзеді, жақсы сүңгиді. Ол тамақты негізінен тігінен 3-4, кейде 10 м, тіпті одан да көп тереңдікке сүңгу арқылы алады, су астында 30-40 секундқа дейін қалады. Өте тыныш құс.

## **МОЛЛЮСКАЛАР КОЛЛЕКЦИЯСЫ.**

Мұражайдың зоологиялық бөлімінің ортасында теңіз моллюскалары, жұлдыздар мен маржандардың коллекциясы орналасқан. Теңіз жұлдыздарының атауы жұлдыз тәрізді, көбінесе бес бұрышты немесе жалпақ кәдімгі бесбұрышты, осы класқа біріккен эхинодерма өкілдерінің денесінің пішінінен шыққан. Теңіз жұлдыздары – мұхиттар мен теңіздердің типтік тұрғындары.



## **ЖӘНДІКТЕР ЖИНАҒЫ.**

Жәндіктер – Insecta-планета-мыздың бүкіл жануарлар әлемінің ең көп класын білдіреді.

Бүгінгі таңда жәндіктердің 1 миллионға жуық түрі сипатталған, бұл бүкіл жануарлар әлемінің шамамен 70% құрайды. Жәндіктер 30-ға жуық отрядқа бөлінеді. Түрлердің саны бойынша Колеоптера қоңыздар отряды көш бастап тұр. Мұражайда қоңыздардың жүзден астам түрін қамтитын қоңыздар коллекциясы қойылған.

Колеоптераның көрнекті өкілі Голиаф қоңызы *Goliathus meleagris*. Еркектер өмір бойы 80-100 грамм салмаққа жетуі мүмкін және әлемдегі ең ауыр қоңыздар болып табылады.

## **ОТРЯД LEPIDOPTERA ИЛИ ҚАБЫРШАҚҚАНАТТЫЛАР.**

Барлық жәндіктердің ішінде көбелектер ең танымал. Дүниеде олар әдемі гүлдерге таңданатындай оларды таң қалдырмайтын адам жоқ шығар. Ежелгі Римде көбелектер өсімдіктерден шыққан гүлдерден пайда болады деп сенгені таңқаларлық емес. Көбелектер жәндіктер қатарында түр саны жағынан қоңыздардан кейінгі екінші орында. Бүгінгі күні көбелектердің 160 мыңға жуық түрі сипатталған. Мұражайда тропикалық көбелектердің 200-ден астам түрлерінің коллекциясы қойылған. Олар өздерінің сұлулығымен және кереметтігімен таң қалдырады.

Жаратылыстану табиғи-тарихи мұражайының экспозициясы заманауи дизайн үлгісімен безендірілген. Ғылыми негізге сүйене отырып, мұражай жергілікті табиғат ерекшеліктерін көрсететін экологиялық композицияларды ұсынады. Коллекциялар үнемі толықтырылып, жаңартылып отырады.

Мұражайда ботаника, зоология, палеонтология және геология пәндері бойынша дәрістер мен тәжірибелік сабақтар өткізіледі.

## **Жаратылыстану табиғи-тарихи мұражайының жәдігерлері**







# АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ



## Студенттердің шығармашылық жұмыстары





## Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институт





# Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты туралы баспасөз беттеріндегі жарияланымдары:



## Институтта «Рухани жаңғыру» кеңсесі ашылды

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы шаралар қаламызда да жоғары деңгейде іске асып келеді. Соның бір дәлелі Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ-да «Рухани жаңғыру» кеңсесі ашылды, «Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» тақырыбында республикалық ғылыми – практикалық конференция өтті.

Қаламызда алғашқы болып ашылып отырған «Рухани жаңғыру» кеңсесінің көрме жейін қала әкімі Элдар Қоңысбайұлы мен облыстық «Рухани жаңғыру» кеңсесінің менеджері, «Жайдарлы жастар» қоғамдық қорының директоры Марғұл Абдоллаұлы салтанатты түрде қиды. Аты айтып тұрғандай бұл кеңседе рухани саладағы түрлі іс – шаралар өтеді. Ол жайында Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректоры Сейтбек Бекенұлы айтып өтті: «Әкімдік, колледждер мен мектептердің барлығын біріктіріп осы жерде жұмыс істесек деп отырмыз. Көп ұзамай кеңсе менгерушісі Сәбіржан Нұрсалиұлы алғашқы шараларын

өткізеді. Алдымен ардагерлерді шақырып, қаламыздағы бүгінгі мен өткен жайында студенттерге мағлұмат беру ойымызда бар. Одан соң кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырып, олардың осы деңгейге қалай жеткені жайында сұхбат құру арқылы, жастарды еңбекке баулу мақсатын көздеп отырмыз», – дейді Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ.

Институттағы шара «Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» тақырыбындағы республикалық ғылыми – практикалық конференциямен жалғасын тапты. Конференцияның пленарлық отырысында облыстық «Рухани жаңғыру» кеңсесінің менеджері, «Жайдарлы жастар» қоғамдық қорының директоры М. БӘКІР, Жезқазған университетінің доценті, п.ғ.к. З. КАШҚЫНБАЕВА, Арқалық қалалық білім бөлімінің әдіскері А. ЖҰМАҒАНБЕТОВА, АрқМПИ ректорының кеңесшісі, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің директоры С. ТАСМАҒАНБЕТ, өлкетанушы, қолөнер шебері, Ш. БАЙДІЛДИНДЕР мінберден сөз алып, тақырыпқа сай баяндамаларын оқыды.

Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ

## Торғайдың қасиетті қара шаңырағы



Торғайдың қасиетті қара шаңырағы... (Text continues with details about the institute and its activities, including mentions of conferences and educational programs.)

## Торғайдың қасиетті қара шаңырағы

Торғайдың қасиетті қара шаңырағы... (Continuation of the article, discussing the institute's role in the region and its commitment to education.)

# Торғай төріндегі білім ордасы

Педагогикалық институттың құрылу тарихы біздің қаламыздың тарихымен тығыз байланысты. 1956 жылдан 1970 жылға дейін шағын аудан болып келген Арқалық қаласы облыс көлеміндегі қала деңгейіне көтерілді. 1970 жылдың 23 қарашасында Торғай облысы құрылып, оның орталығы Арқалық қаласы болды.

Облыс көлеміндегі жалпы орта білім беретін мектептерді мұғалім кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында ҚазССР Министрлер Кеңесінің 1972 жылғы 12 сәуіріндегі № 220 қаулысы бойынша Арқалық қаласында педагогикалық институт құрылды. 1972 жылдың 7 маусымында Қазақ ССР білім беру Министрі К. Аймановпен 1972-1973 оқу жылына 19 адамға институттың штаттық кестесі бекітілді.

Қазақстан КП бюросы Торғай облыстық комитетінің 1972 жылдың 15 қазанындағы қаулысымен Арқалық педагогикалық институтына Ыбырай Алтынсариннің есімі берілді. 1972 жылдың желтоқсан айында институттың жарғысы бекітілді.

1972 жылда физика-ма-

тематикалық факультеті, марксизм-ленинизм кафедрасы, орыс тілі мен әдебиеті, физика және математика, педагогика және психология факультеттері құрылды. 1983 жылы қаңтар айында көркем-графика факультеті, 1985 жылы биология-химия факультеті ашылды.

Арқалық педагогикалық институттың мұрағат қорында Қазақ ССР Ағарту Министрі бұйрықтарынан кафедралардың, факультеттердің ашылу тарихы, кафедра менгерушілері, студенттердің атаулы стипендияларға тағайындаулары туралы мәліметтер мұрағатта сақталуда.

Мысалы, 1974 жылы 9 сәуір күні Қазақ ССР Ағарту Министрінің бұйрығымен орыс тілі және әдебиет кафедрасы 2 кафедраға бөлінді: тілдер кафедрасы және орыс және шетел әдебиеті кафедрасына. 1974 жылдың қазанында педагогика және психология кафедрасы 3 жеке кафедраларға бөлінді: педагогика және психология кафедрасы, азаматтық қорғаныс және дене тәрбиесі кафедралары. 1979 жылдың наурызында Қазақ ССР Ағарту министрінің бұйрығымен филология факультетінің 2-курс студенті А. Дүзеноваға Ы. Алтынсарин атындағы атаулы шәкіртақы тағайындалды.

1976 жылдың 20 қаза-

нында институт ректоры О. М. Төлеген пен педагогика және психология кафедрасының доценті Әсет Дамашевтің басшылығымен, педагогикалық ұжымның қолдауымен, институт базасында Ы. Алтынсариннің мемориалдық-педагогикалық мұражайын құру жұмысы басталды. Ы. Алтынсарин атындағы мұражайда ұстаз-ағартушының қызметі мен өмірін баяндайтын құнды құжаттар, Торғай жерінде ағарту ісінің тарихы және дамуын баяндайтын құжаттар жинақталған. Тарихи өлкеміздің өткен мен бүгінгісінен сыр шертіп, келешегіне жол сілтейтін туған жеріміздегі білім, ғылым мен мәдениеттің тунық бастауы, алтын ұя шежіре әлпісіндей тарихи-педагогикалық мұражай 90 жылдан артық уақытқа қалыптасып жатыр. Мұражайдан қалпына келтіріліп, жаңаша деңгейде бағамдарға ашылды.

Сөз соңында, Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институттың ұжымын 45 жылдық мерейтойларымен құттықтап, еңбектеріне зор табыс тілейміз.

**А. СЕЙТБЕКОВА,**  
Арқалық мемлекеттік мұрағатының мұрағатшысы.



# «Іау ешер жалғыз кием Тәуелсіздік!»

Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты мерекелік іс-шара өткізді.



Мурат ЖҮНІСУЛЫ

Салтанатты шараны институт ректоры Сейтбек Қуанышбаев құттықтау сөз сөйлеп ашып, мерекелік марапаттарды табыстады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша факультет деканы Әлібек Ескермесулы мен аға оқытушы Қатіра Шәкірова «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалін кеуделеріне тақты. Жетекші мамандар: Қарлығаш Қоразбекова мен Әсел Асанова, аға оқытушылар: Роза Жаңадідина, Гүлім Әніева, Қайрат Ершатовтар ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, Құрмет дипломы, Алғысына ие болды.



Сондай-ақ, институттың аға оқытушылары Ербол Жармағамбетов, Медет Асхатұлы, Құралай Хамитовалар, бөлім башысы Оразбек Әмірбеков, кітапханашы Көмшат Әбілбекова, студенттер үйінің команданты Нұрзия Қаненова, дөңкерсеуші Юрий Доронцов ректордың Алғыс хатымен марапатталды.

Марапаттау рәсімі институт ұжымы күшімен өзірленген мерекелік концертке ұласты. Мерекелік концерттің шымылдығы «Айтыстың ақтангері» атағының алғашқы иегері Айбек Қалиевтің Тәуелсіздікке арнау толғау жырмен ашылды.

Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналып Ұлы ағартушы-

ның өлеңдерін өзге ұлт өкілдері сахналық қойылыммен үйлестіре мөнерлеп жатқа оқыды.

Институттың М.Дулатов атындағы шығармашылық бірлестігі, Домбырашылар ансамбілі, «Тұмар» би тобы, «Шабат» квартеті, Хор ұжымы, жеке орындаушылар жоғары деңгейде өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Шара соңында ел Тәуелсіздігін ұлықтап, білім мен өнерді ұштастырған іргелі ұжымға қала өкімінің мықлас тұл тарту етілді.

Суретті түсірген автор.

Арқалық қаласы.



«Арқалық қаласындағы облыстық №2 Әмірбаев ғылыми кітапхана» ҚММ Әдістеме - библиография бөлімі

## «Болашаққа үміт, жастарға сенім ұялатқан білім ордасы»



Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институттың құрылғанына 50 жыл (1972)

Арқалық қаласы 2022 жыл

## Институт ректоры академик атанды

Мурат ЖҮНІСУЛЫ

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор С.Б.Қуанышбаев Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Ол 1989 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін "География" мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын аталған оқу орнында тәлімгер-зерттеуші, кафедра ассистенті болып бастаған. 1994-2004 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болды. 1996 жылы Қырғыз мемлекеттік университетінде кандидаттық, 2010 жылы АНРК география институтында докторлық диссертацияларын табысты қорғады.

2004-2012 жылдар аралығында Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының проректоры қызметін атқарған. 2007 жылы Ы.Алтынсарин медалімен марапатталды. 2014 жылы ҚМПИ құрметті профессоры атағы берілді. 2012 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды.

Сейтбек Бекенұлы 50-ден астам ғылыми жұмыстың авторы. Біліктілікті жетілдіру және тәжірибе алмасу (Бразилия, Рио-де-Жанейро қаласы. "Бразилия тәжірибесі жоғары менеджмент мектебі"), "Жоғары білім беру орындарында корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесі" (Назарбаев Университеті), "Жоғары білім көшбасшылық, менеджмент және қаржы" семинары (АҚШ, Пенсильвания) сертификаттар иеленіп, жоғары білім беру университеті (Беркли қаласы, Калифорния университеті) курсы аяқтаған.

Арқалық қаласы.



## Денсаулық – зор байлық

Денсаулық күніне орай Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының дене шынықтыру және спорт кафедрасы мен «Барыс» спорт клубы, сондай-ақ, тәрбие жұмысы басқармасының ұйымдастыруымен студенттер арасындағы спартакиада өтті.

Спорттық шараға барлық мамандықтан 300-ден астам бірінші курс студенттері қатысты. Ондағы мақсат: студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастарды спорт үйірмелеріне қатысуға қызығушылығын арттыру. Студенттердің спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, ұлт насихат жүргізу.

Іс-шараны оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Нұрлыхан Мухамедұлы салтанатты түрде ашып, институт салауатты өмір салтын және бұқаралық спортты дамытуға үлкен мән беретінін атап өтті. Ол барлық қатысушыларды құттықтап, барлығына сәттілік тілді. «Денсаулық күні» спорт мерекесі барлық спорт және салауатты өмір салтын ұстанатындарға керемет сыйлық болды. А спорт түрін: жеңіл атлетика, шағын футбол, үстел теннисі және баскетбол спорт түрлері бойынша жарыстар өтті.

Жеңіл атлетика бойынша 2000 м қашықтықта ер балалар арасында 1 орынды тарих және өнер факультеті, 2 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 2 орынды педагогика филология факультеті жеңіп алды. Шағын футбол жарысында 1 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 2 тарих және өнер факультеті жеңіп алды. Шағын футбол жарысында 1 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 2 тарих және өнер факультеті, 3 орынды педагогика филология факультеті жеңіп алды.


Үстел теннисі жарысында екі ер бір қыз бала қатысқан болатын. Жалпы командалық есепте



1 орынды тарих және өнер факультеті, 2 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 3 орынды педагогика филология факультеті алды. Баскетбол жарысында ер және қыз балалар арасында жарыс өтті. Қыз балалар арасында жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті 1 орынды жеңіп алды, 2 орынды тарих және өнер факультеті, 3 орынды педагогика филология факультеті ие болды. Ер балалар арасында 1 орынды тарих және өнер факультеті, 2 орынды

педагогика филология факультеті, 3 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті иеленді. Студенттер жарысқа жетекшілерімен толық құрамда қатысты. Жарыс соңында спорттың жеке түрлері және командалық бойынша жеңімпаздарға мақтау қағаздары табыс етілді. Мұндай жарыстар мен спорттық сайыстарды орталықмызда жыл сайын өткізіп тұру дәстүрге айналған.

Нұрсұлтан ҚОШАНОВ, Аға оқытушы, п.ғ.м. АриМНИ.





## Есімдердің әліпбилік көрсеткіші

Абдигалымова А. С. 4  
Абдрахманова М. 42  
Абдуллина А. 46  
Аманжол Қ. 52  
Амантайұлы Д. 6  
Аймағамбетұлы Р. 7, 9, 12, 14, 16,17, 43, 55  
Аймағанбетов А. 67  
Айткенов З. 54  
Әуезова Ш. 25  
Багдатова С. А. 3  
Байділдин Ш. 44, 47  
Бейсенбаев С. 26  
Бөлтірікова Ж. И. 5,  
Ғалымжанова З. 10  
Ғалымбекұлы Ғ. 58, 63  
Демесінова С. 56  
Елубаев М. 1  
Егенбай Г. 41  
Ермағанбетов Д. 30  
Ерденова Г. 34  
Жүнісұлы М. 5, 13, 22, 36, 37, 53, 68  
Жамитова А. 29  
Жаңбыр А. 39  
Жұмабаев Т. 51  
Жұмабаева Ғ. 61, 64  
Қуанышбаев С. 3, 4, 15, 19, 32, 38  
Қағазбаева Ә. 60, 66  
Қалиев А. 21  
Қойшыманов Қ. 23  
Қошанов Н. 28  
Қошанов Ә. 33  
Қуат Б. 35  
Құдайберген Б. 40  
Қалымжанова Р. 50  
Оразбекова Р. 27  
Тоқтарбай Е. 1  
Төлеуханқызы А. 57  
Түрікпенова С. 62  
Уәлиханов Ш. 65  
Үмбетұлы Ә. 2  
Шаймарданов Ж. 48  
Шорманова Қ. 11

## Мазмұны

1. Құрастырушыдан .....	5
2. Торғайдың қасиетті қара шаңырағы.....	6-7
3. Торғай өңіріндегі жалғыз жоғары оқу орны қара шаңырақ тарихы.....	8-9
4. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институт әдебиеттер тізімі .....	10
5. Мерзімді басылымдар беттеріне жарияланған әдебиеттер тізімі.....	11-15
6. Қаулы.....	16
7. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтты тарихының хронологиялық кезеңдері.....	17-20
8. Торғай төріндегі білім ордасы.....	21
9. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институт ректорлары.....	22
10. Институт миссиясы.....	22
11. Түлектер қауымдастығы туралы.....	23
12. Білім беру бағдарламалары.....	24
13. Ы. Алтынсарин мұражайы.....	25-29
14. Жаратылыстану табиғи-тарихи мұражайы.....	30-33
15. Ақпараттық-технологиялық орталық.....	34
16. Студенттердің шығармашылық жұмыстары.....	35
17. Институт фото-суреттері.....	36
18. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институт мерзімді баспа беттерінде.....	37-39
19. Есімдер алфавит көрсеткіші.....	40

**Шығ. жауапты:.... К. Б. Бормбаева**  
**Құрастырушы:.... С. М. Көшкінбай**  
**Редакторы:.... Ә. Қ. Ахметжанова**

**Басуға 27.09.2021 ж. қол қойылды**  
**Қаріп түрі Times New Roman.**  
**Басылымның көлемі (0,3)**  
**Таралымы 5 дана**

**«Арқалық қаласындағы  
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
E – mail:arkounb@mail.ru**

